

*Қосымша бұйрыққа
ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық арнайы
медициналық құралдармен қамтамасыз
ету базасы» КММ
31 қаңтардың 2023 жыл № 57*

**Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай
облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ

Қостанай қ, 2023 ж.

Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қостанай облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (әрі қарай мәтін бойынша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының талаптарына сәйкес әзірленген және медициналық қызмет көрсету кезінде қоғамдық қатынастар саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жүйесін, Қостанай облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ (әрі қарай мәтін бойынша – АМҚ базасы) қызметінде ақпараттық-талдамалы, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық –техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруды білдіреді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт АМҚ базасы жұмыскерлерінің өз функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезіндегі олардың әрекеттерін анықтайды.

II. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫҚ ИНДИКАТОРЛАРЫ

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты АМҚ базасының жұмыскерлері үшін олардың функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жүйесін белгілеу болып табылады.

4. Қолданылатын мақсаттық индикаторлар:

- АМҚ базасы жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетінің деңгейі;
- Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез-келген құбылыстарына төзбеушілік атмосферасын құру жолымен АМҚ базасының абыройын арттыру.

III. МІНДЕТТЕРІ

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт АМҚ базасы жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықтарын қалыптастыру үшін, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген құбылысына төзбеушілік атмосферасына қол жеткізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құбылыстарын уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын жою үшін арналған.

IV. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт АМҚ базасы жұмыскерлерінің өз міндеттерін орындау кезінде орындауға жатады.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынас АМҚ базасының әр жұмыскері үшін азаматтық ұстанымға айналуы тиіс.

Адалдық және сатылмаушылық АМҚ базасы жұмыскерлерінің негізгі қасиеттерінің бірі болуы тиіс.

Жұмыскерлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, жемқорлыққа қарсы тұратын иммунитет, көпшіліктің алдында ұялту болмаған кезде АМҚ базасының негізгі мақсатын – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында сапалы медициналық қызмет көрсетуді іске асыру мүмкін емес.

7. АМҚ базасының әр жұмыскері сыбайлас жемқорлықпен күрестің – әр азаматтың және барлық қоғамның ісі екенін түсінуі және есте ұстауы тиіс. Сыбайлас жемқорлықты сезіну және қабылдамау – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі.

V. ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҮШІН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

8. АМҚ базасының жұмыскерлері өз функционалдық міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

9. Жұмыскерлердің функционалдық міндеттерін орындаулары және қандай да бір шешімді қабылдаулары жеке және заңды тұлғалардың мүдделерімен және жұмыскердің жеке басының мүдделерімен байланысты болмауы тиіс.

10. АМҚ базасының жұмыскерлері ресми жариялымға жатпайтын қызметтік және өзге ақпаратты жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында пайдаланбауға тиіс.

11. АМҚ базасының жұмыскерлері қызметтік құзыреттіліктерін (функционалдық міндеттерін) атқаруға байланысты сыйлықтар қабыл алмауға тиіс.

12. АМҚ базасының жұмыскерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке басының мәселелерін шешу үшін қызметтік жағдайын пайдаланбаған жөн.

13. АМҚ базасының жұмыскерлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс.

14. АМҚ базасының жұмыскерлері жұмыскердің белгілі бір міндеттерді орындауға және шешімдерді қабылдауға құмарлықсыздығына күмән тудыруы мүмкін әрекеттерді жол бермеуге тиіс.

15. АМҚ базасының жұмыскерлері:

- өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жағдайлары туралы басшылыққа және (немесе) құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;
- қажет болған жағдайда қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделер дауының туындауы, сыбайлас жемқорлықтық мінез-құлықтың туындауы және сыйлықтар алу туралы тікелей басшыға хабарлауға;
- қызметтік шешім қабылдауға әсерін тигізуі мүмкін қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзушы заңсыз өтініштермен әріптестерге немесе басшыларға жүгінуден аулақ болуға;

- қызметтік құзыреттіліктерді орындауға байланысты сыйлықтар алмауға және сыйлықтар бермеуге;

- ресми жариялымға жатпайтын қызметтік және өзге ақпаратты жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында пайдаланбауға;

- егер лауазым жақын туыстық қатынастарда (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, аға-інілер, әпке-сінілдер, балалар) тұратын тұлғалардың тікелей бағыныштылығымен немесе бақылауымен байланысты болса, ол лауазымға тағайындаудан бас тартуға;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

- орындау үшін алынған өкімдердің заңдылығының күмәні туралы тікелей басшыға дереу жазбаша түрде хабарлауға;

- жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің сақталуын қолдауға;

- қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті сақтауға;

- басшылыққа қатысты жеке берілгендігінің көрінісіне, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылық алуға ұмтылуға жол бермеуге тиіс.

16. АМҚ базасының лауазымды тұлғалары жоғарыда көрсетілген талаптардан басқа:

- туыстығы, жерлестігі және жеке басының берілуі белгілері бойынша мамандарды іріктеуге және орналастыруға жол бермеуге тиіс;

- лауазымдық құзыреттілігін және абыройларын жеке, топтық және қызметтер тыс өзге мүдделерде пайдалануға әкелетін әрекеттерді жасауға жол бермеуге тиіс.

17. АМҚ базасының бастығы:

- өзінің мінез-құлқымен, әділдігімен, жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау қасиетімен үлгі болады;

- жеке-дара өкімшілік қызмет жолымен басшылықты жүзеге асырады және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапты болады;

- бағынысты жұмыскерлерден олардың лауазымдық құзыреттіліктеріне кірмейтін тапсырмаларды орындауды талап етпейді;

- өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында бағынысты жұмыскерлерде туындаған мүдделер дауын реттеу бойынша шараларды уақытылы қабылдайды;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдайды;

- бағынысты жұмыскерлерімен құмар ойындар ойнаудан аулақ болуға;

- тұрақты негізде мүдделердің дауларының, сыбайлас құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының туындау мүмкіндігінің себептері мен жағдайларын жою бойынша шаралар қабылдап отыруға тиіс;

- өзіне бағынысты жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың күйі үшін және олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауына жол бермеу үшін дербес жауапты.